

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМ

Ы.АЛТЫНСАРИН
180 ЖЫЛ



**«Ы.АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ
АТА ТӘРБИЕСІ МЕН ҒИБРАТЫ»**

тақырыбындағы эссе

ЖИНАҒЫ

Талдықорған, 2021 жыл

УДК 377
ББК 74.57
А13

**«Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Коммунальное государственное учреждение «Областной учебно-
методический центр развития образования» государственного
учреждения
«Управление образования Алматинской области»**

Редакциялық алқа мүшелері:

А.Ж.Қабдулова, Ш.К.Исаханова, Г.Б.Далабаева, Л.К.Кушерова,
Ж.М.Калдыбаева, Р.Н.Ибраимова

Члены редакционной коллегии:

Кабдулова А.Ж., Исаханова Ш.К., Далабаева Г.Б., Кушерова Л.К., Калдыбаева
Ж.М., Ибраимова Р.Н.

«Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты» техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің облыстық эссе байқауының материалдары. Талдықорған, 2021ж. (қазақша, орысша)

Материалы областного конкурса эссе педагогов технического и профессионального образования «Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты». Талдықорған, 2021 г.

ISBN 978-6041-7068-89-9

Жинаққа техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының инженер-педагог қызметкерлерінің эссе жұмыстары енген.

Жинақ материалдары үздіксіз білім беру жүйесінің инженер-педагогтеріне және көпшілік оқырманға арналған. Барлық материалдар авторлар ұсынған нұсқада жарияланған.

В сборнике представлены эссе инженеров-педагогов технического и профессионального образования.

Материалы сборника представляют интерес для педагогических работников всех уровней образования, а также и широкого круга читателей.

Материалы публикуются в авторской редакции.

УДК 377
ББК 74.57

ISBN 978-6041-7068-89-9

Құрметті ұстаздар!

Қазақ даласында білімнің шырағын жағып, ұлт ұстазы атанған Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толып отыр. Аса көрнекті ағартушы, ғалым-этнограф, ақын, жазушы, аудармашы, ұстаз, кирилл харпіндегі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсарин барлық сан қырлы қоғамдық қайраткерлік және шығармашылық іс-әрекетімен қазақ халқының әлемдік өркениетті мәдениетпен танысуға, халықтар арасындағы достықты нығайтуға шақырды. Ұлт мүддесі мен ұлт мұраты үшін бар өмірін сарп еткен ағартушы. Оны халықтың рухани әлеміне шамшырақ болған ұстаздың еңбектерінен, жазған хаттарынан, ағартушылық істерінен көруге болады.

Ыбырай Алтынсариннің мерейтойы республика көлемінде аталып өтуде. Осы бағытта облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы автордың әдеби мұрасын зерделеу, жан-жақты насихаттау, тәжірибе алмасу мақсатында ғылыми-тәжірибелік конференция, вебинар, байқау арнайы ұйымдастырып, автор еңбектерін Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінің, ҚР Ұлттық кітапханасының, жоғарғы оқу орындарының мамандарымен бірге талқылауына мүмкіндік туындаттық. Ал эссе байқауы барысында педагогтер Ыбырай әңгімелерінің тәрбиелік құндылықтарын жан-жақты толғап, өзіндік пікірлерін көркем тілмен ұсынды. Жинақта ұстаздардың эссе материалдары берілген.

Тәрбиенің тал бесігі – Ыбырай

*Аяганова Гульмира Асылбековна,
Қаскелең гуманитарлы-техникалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді»-демекші аса көрнекті қазақ тарихындағы тұлғалардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Себебі, шындығында қазақтың қолжазба әдебиетінде оған дейін көркем проза қалыптаспаған болатын. Меніңше, оның әңгімелері өз ғасырының өзекті мәселелерін қамтиды. Дегенмен, бүкіл өмірін балаларды оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен тұлғаның әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты туралы не білеміз?

Ыбырай Алтынсарин өзінің қысқа-қысқа әңгімелері арқылы ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосты. Қазақ балаларын тек ілім-білімге үйретіп қана қоймай, тәрбиенің тал бесігі Ыбырай туындыларынан көрініс тапты. «Тәрбиесіз алған білім – адамзаттың қас жауы» деген ғұламалардың өнегелі өсиетін жадынан шығармаса керек. Қаламынан туған туындыларынан баланы еңбекқорлыққа, үлгілі, досқа адал болуға шақыратын шығармалары арқылы бала тәрбиесіне де көп көңіл бөлгендігі көрінеді. Ол өз сөзінде: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні зор жұмыс деп білемін», - деген. Олай болса, Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты көрініс беретін тұстарды талдап көрелік.

Ыбырай әңгімелерінің негізгі көтерген тақырыбы – еңбек екенін жақсы білеміз. Ұлы педагогтің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан -аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Қанағат» сынды әңгімелері жастарды әдептілікке, әділ де мейірімді болуға тәрбиелейді. Осындай әңгімелерінің ішіндегі «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде ата ғибраты анық көрінеді. Бұл әңгімеде атасы он үш жасар баланы жетектеп келе жатып, ұшқан құс, жүгірге аңдар тіршілігімен таныстырып, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ екенін айтады. Сен де босқа жүрме, «жұмыс істеп әдеттену керек» дейді. Байқағанымыздай, автор ата образы арқылы барша қазақ балаларын жастайынан еңбек етуге шақырады. «Әке мен бала» әңгімесі Ыбырай творчествосындағы өте соны туындылардың бірі. Бұл әңгімеде автор еріншек, жалқау баланың ерсілік жақтарын суреттейді. Жерде жатқан тағаны бір иіліп алуға ерінген баланың сатып алынған шиені теріп жеу үшін он рет еңкейгенін автор жақсы мысал етіп алып, «аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат ете білмесең, көптен құр қаларсың» - деген баталы сөздермен шығарманың шешімін шығарады. Ыбырай әңгімелеріндегі негізгі идея – адамды тіршілікпен үйлесімді өнегелі, өкінішсіз өмір сүруге дағдыландыру, баулу.

Халықта: «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»-деп бекер айтылмаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның орны ерекше. Ыбырай әңгімелерінің кереметтілігі сонда, ондағы келтірілген кейіпкерлердің әйтсе де бүгінгі қоғамда кездесуі. Білімді ұрпақ бойында мейірімділік сияқты қасиеттер болмаса, олардың алған білімі ел ертеңіне қауіп төндірмесіне кім кепіл?! Жаһандану заманында интернетпен қоректеніп өсіп келе жатқан бала ертеңгі ел тірегі, рухани толық тұлға бола ала ма? Жоқ өкінішке орай, техника ғасыры бізге жеті түрлі өнер үйретсе де, ұлттық құндылық пен рухани байлықты, сайып келгенде адами қасиеттерді дарыта алмасы хақ.

Мағынасы тереңде, ойға ой қосатын шығармаларды оқыту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Ұлы Ыбырайдың шығармаларынан менің де ұстаздық еңбек жолымда алғаным көп деп ойлаймын. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні аясында алдымдағы шәкірттерді бірінші рухани адамгершілікке тәрбиелеу барысында ұстаздың бала тәрбиесіндегі ұстанымдарына сүйенемін. «Өнер – бұлақ, білім – шырақ» - деп халық даналығы айтқандай, шәкірттеріміз осы өнер мен білімді бойларына сіңіріп, болашақтары жарқын болғай!

Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Кондыбаева Мейрамкуль Нурахмедовна,
Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

Әр халықтың тарихи даму жолында есімдері ерекше аталатын тұлғалар болатыны айқын. Мәселен, кең байтақ қазақ даласына алғаш қоңырау үнін әкеліп, «Кел, балалар, оқылық!» деп үндеу тастаған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсариннің аты - ұлы есім.

Ыбырайдың артында қалдырған рухани мұрасы аса бай, алуан жанрлы. Аса құнды тарихи еңбегінің бірі - «Қазақ хрестоматиясы». Хрестоматияға тәрбиелік мәні зор, балалардың жасына сай, түсінігіне жеңіл, тілі жатық, көркем әрі қызықты баяндалатын шағын әңгімелер, өсиет өлеңдер енгізілген.

Ғибратты түйін, халық мақал-мәтелінің идеясын көруге болады.

Мысалы, «Байұлы» атты аңызда кедей-кепшікке қайырымды бай баласының өз құрбысына астындағы тайын беріп, баланың ақсақалдан бата алуы, сол батаның қабыл болып, Байұлының асқан бай, аузы дуалы би болуы баяндалады. «Батаменен ер көгереді», «Баталы құл арымас» деген халық мәтелі шығарманың идеясын түйіндейді. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде ата ғибраты анық көрінеді. Әңгімеде атасы он үш жасар баланы жетектеп келе жатып, ұшқан құс, жүгірген аңға назар аудартып, тіршілігімен таныстырып, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ екенін айтады. Ата образы арқылы барша қазақ балаларын жастайынан еңбек етуге шақырады.

«Әке мен бала», «Бақша ағаштары» әңгімесі де нағыз ата тәрбиесі мен ғибратының үлгісі. Әкенің оқиға орнында баланың жалқаулығын тез мойындатып, өзінің іс-әрекеті арқылы көрсетуі үлгі-өнеге. «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың», азға қанағат ете білмесең, көптен

құр қаларсың» дегені бала санасына түсінікті түйін. Ал түзу және қисық өскен бақша ағаштарының сырын бала ұғымына жеңіл түсінікті тілмен жеткізіп, баланың аңғарымпаздығына оңай жауап беруі өте ұтымды тәрбие береді.

«Бай мен жарлы баласы» атты төл әңгімесінде жарлы баласы Үсен еңбекке бейім, өмірдің кез келген сынақтарында жол тауып шыққаны баяндалып, Үсеннің әкеден алған тәрбиесі олардың елге аман-есен оралуына көмектескенін аңғартады.

Бірнеше эссеге арқау болатын Ы.Алтынсарин әңгімелерінің мазмұны өзінің өміршендігімен, классикалығымен құнды.

«Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Қазақта үш мұнара бар, олар: Абай, Шоқан, Ыбырай» деп айтыпты. Сол мұнара 1888 жылы 75 күннің ішінде алты мектеп ашқан екен. Бұл – неткен ғажап нәрсе. Ойшыл ұстаздың елдің, мемлекеттің, халықтың көркеюіне қосқан үлесі телегей теңіз емей немене.

Балалар әдебиетінің атасы - Ыбырай Алтынсарин

*Сатбаева Хамида Нурановна,
Қапшағай көпсалалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

Халқымыздың сан ғасырлық тарихында, бүкіл қоғамдық-рухани өмірінде әлеуметтік мәні бар ерекше орын алатын кесек тұлғалы, өрелі азаматтар аз болмағанын ойға салсақ, солардың бел ортасында көзге түсетіні - Ыбырай Алтынсарин дер едім. Ыбырай - өз халқының жарқын болашағы мен кемел келешегі жолында ақтық демі таусылғанша қалтқысыз қызмет еткен үлкен ақыл-ойдың, биік саналы сезімнің адамы. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халық даналығы. Бұл сөздің растығын Ыбырайдың өмір - өнегесінен де байқағандаймыз. Өйткені оның өскен ортасы-халықтың сол кезеңдегі озық ойлы зиялы қауымы, тәрбие алған мектебі-алды сонау атақты Жиренше, Абыз, Әнет бабадан бастау алғандықтан, келер ұрпақтың да білімді, тәрбиелі болып өсуіне ықпалын тигізді. Қазақ даласына білімнің шамын жаққан, тұңғыш ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин өз шығармаларында ата тәрбиесі мен ғибратын насихаттап, сол арқылы жас ұрпақты тәрбиелемекші болған деп ойлаймын.

Ағартушы - педагог тәрбие арқылы оқытуды жөн көреді. Сол үшін ата тағылымын, оның ұрпақ тәрбиесіндегі орнын ашатын, құнды шығармаларын жазып қалдырды. Тіптен, аудармалар да жасап, өзінің оқулығына енгізген.

Менің ойымша, Ыбырай өзінің шағын әңгімелеріне бас кейіпкер ретінде әке мен баланы алған. Екеуінің арасында диалог жүргізу арқылы өсиет пен өнегені дәріптейді. Мысалға алатын болсақ, «Әке мен бала» әңгімесінде қарапайым еңбек адамы болған әкенің баласына берген үлкен тағылымын көреміз. Бұл әңгіменің негізгі айтар ойы: «Бір істі қиынсынсаң, көп іске тап боласың», - деген үлкен өнегелі ой болатын. Осы идеяның өзі-ақ адам баласын бір істі тиянақты істеуге тәрбиелесе, сонымен қатар, жер бетіндегі барлық нәрсе адамның қажетіне жарайтынын ашып көрсетеді. Қазіргі заманда да, осы әңгімеде айтылған жайттар кездесіп жатады. Адам баласының жеңіл еңбекті

қалап, нағыз еңбекке апаратын кішкене жолдарды байқамай жататынымыз анық.

Сонымен қатар, баланы өсіру, оны дұрыс тәрбиелеу туралы да Ыбырай Алтынсарин көптеген әңгімелер жазды. Соның бірі – «Бақша ағаштары» әңгімесі. Шап-шағын әңгімеге ұстаз үлкен мән-мағына сыйдырған деп білемін. Бұл әңгімеде де бас кейіпкер – әке мен бала. Бақша ағаштарын аралап жүрген балаға әкесі түзу ағаш пен қисық ағаштың айырмасын түсіндіреді. Соңында үлкен тәрбиеге ұштасқан «Бағып-қағуда көп мағына бар» деген философиялық, тәлім-тәрбиелік ой шығады. Расымен де, жас баланың тәрбиесіне ерте жастан мән беріп түзу жолмен өсірсек, бақша ағашы сияқты түзу өседі. Ал, тәрбиесінен кемшілік жіберіп алсақ, қисық ағаш сияқты болып өседі. Осындай тәрбиенің екі қырын да қазіргі өмірде көріп, куә болып жүрміз. Түзу өскен балада адамға тән жат қылықтар болмайды, рухани бай, адами құндылықтары жоғары болады деп түсінемін.

Ағартушы-педагогтің бірқатар шығармалары баланың ата-анаға деген махаббатын, мейірімін де суреттейді. Осы арқылы ұстаз отбасы құндылығын дәріптейді. Ата-ана мен баланың біртұтас әлем екенін көрсетеді. «Мейірімді бала» әңгімесінде атаға деген баланың асқан сезіміне риза боламыз. Осы арқылы автор отбасы мүшелерінің бір-бірінің қадірін түсінуге шақырса, баланың әке еңбегінің бағалауына зор баға береді. Шынында да, отбасының тірегі болған әке тұлғасын биік ету, оның адал еңбегін балаларының құрмет тұтуы асқан бақыт емес пе? Халқымызда: «Әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», - деп айтқан даналық ойы Ыбырай әңгімелерінде осылайша сипат алған.

Ойымды түйіндей келе, Ыбырай атамның әңгімелері әр ұрпақтың, бар буынның жадында жатталып қалған жан серігіндей. Міне, бұл-күні бүгінге дейінгі тұтас екі ғасырдай уақыт өмір сүріп келе жатқан Ыбырай өсиеті, Ыбырай арманы, ұлы ұстаздың ұлағаты. Ұлы ағартушы ата тәрбиесін насихаттап, қоғамдағы рөлін арттыру мақсатында халқымыздың негізгі құндылықтарын жоғалтпай, болашаққа аманаттағысы келген. Қазір ағартушы ұстаздың сол арманы толығымен орындалды деп айта аламын.

Ұлы даланың жарық жұлдызы

*Ашетаева Жұлдыз Косылхановна,
Заречный ауылындағы кәсіптік
колледжінің арнайы пәндер оқытушысы*

Қазақ әліпбиін қалыптастырған Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиеті мен мәдениетіне де сіңірген еңбегі орасан зор. "Кел, балалар, оқылық" деп ашқан мектептері де қазақ тарихында алтын әріптермен жазылар маңызды оқиғалар. Алтынсариннің ерекше тілге тиек етер шығармалары – оның әңгімелері. Қысқа әңгімеге бүтін бір халықтың танымын сыйғызып жіберу кез келгеннің қолынан келер іс емес. Әсіресе, Ыбырай әңгімелеріндегі ата тәрбиесінің рөлі бөлек. Алтынсарин әңгімелеріндегі "ата" ұғымы нақты бір туысқандық атауға қатысты емес. Бұл ұғымға ата да, әке де қатысты.

"Бақша ағаштары" әңгімесіндегі атаның балаға тәрбиені талдың көмегімен ұқтырғанының өзінен әңгімелерінің тереңдігін байқауымызға болады. Қисық ағаш секілді қисық болмау үшін, баланың атасы айтқан жолымен жүру керек. "Әкеге қарап ұл өсер" деген мақал мен мәндес әңгіме.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесіндегі ата мен баланың диалогі арқылы адам баласы үшін еңбектің маңыздылығын, адам болып өмірге келгендегі мақсатымызды, жануар мен адам арасындағы ұқсастықты көре аламыз. Он жасар баланың санасына табиғаттағы қарапайым жәндіктер арқылы өмірлік сабақты үйрету арқылы атаның ғибраты айқындалады.

"Байұлы" әңгімесіндегі атаның берген батасы бір баланың ғана емес, бүтін бір рудың қалыптасуына салынған ірге тасы болды. Кіші жүздегі он екі ата Байұлы руының түп қазығы Байұлына берген атаның тәрбиесі мен атаның дуалы батасы болғанын біреу білсе, біреу білмес.

"Әке мен бала" әңгімесіндегі тағаны көтеруге ерінген қисық баласын шие үшін бірнеше рет еңкейткен әкесі түзеп алады. Аз жұмысты қиынсынған баласына әкесі көп жұмысты еріп, барға қанағат етуді үйретеді.

Ы.Алтынсарин әңгімелерінің ерекшелігі – оқуға жеңіл, түсінуге ыңғайлы, қысқа әрі нұсқа. Сол әңгімелердегі ата тәрбиесі мен ғибраты оқырман баланың түзу адам болып өсуіне үлкен септігін тигізеді, адамгершілік қағидаларын үйретіп, жақсының жолымен жүруге бағыттайды. Ыбырай Алтынсарин бар қазақтың баласына ата болып, өз ойлары мен болашақ ұрпаққа айтқысы келген ғибратты сөздерін осы ата туралы әңгімелерінде баяндап кеткен секілді. Сол атамның ғибратты сөздерін әрдайым жадымызда сақтап, тәрбиесін бойымызға сіңірсек, біз де түзу ұрпақты қалыптастырамыз.

Қорытындылай келе, аз ғана ғұмырын бала оқыту ісіне арнаған ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин ұлттық тәрбиеміздің негізінде қалап кетті деп білемін. Ғасырдан-ғасырға ұлы ұстаздың бейнесі жасай бермек!

Воспитание и советы в рассказах Ы. Алтынсарина

Квон Евгений Львович,

*Бастобинский сервисно-технический колледж
преподаватель русского языка и литературы*

Величие Мастера – в его скромности, Талант Мастера – в его умении передать свои знания потомкам, Мудрость Мастера – в умении учить, не поучая, Жизнь Мастера – факел, освещающий путь последователям. Таковым был Ыбырай Алтынсарин, выдающийся просветитель, педагог, поэт, общественный деятель. Он с детства впитывал в себя поэзию и мудрость казахской степи. Умело отсекая все ненужное, создавал, оттачивал свои мысли, воплощал идеи в жизнь.

Каждое его произведение дышит народной мудростью. Ыбырай Алтынсарин не навязывает, не указывает нам, как правильно надо сделать, он предлагает выбрать самим верное решение. В его рассказах нет прямых назиданий, но есть выбор, как поступить. Он не осуждает и не хвалит своих героев. Не мог терпеть невежества, боролся с ним, высмеивал.

В рассказе «Кипшак Сейткул» Ы. Алтынсарин показывает нам, как честный труд человека приносит достаток и уважение. Это история Сейткула и его старшего брата. Герой рассказа, благодаря своей сметливости, природному уму, сумел сплотить таких же бедняков, как и он. Люди, поверившие ему, вместе с ним перекочевали на новое место, стали разводить скот. Старший брат Сейткула отказался ехать с ним, предпочтя прежнюю жизнь барымтача, продолжал воровать и продавать скот. Ему нравилась жизнь, связанная с риском, с мгновенным обогащением.

Со временем хозяйство Сейткула расширилось, удачная торговля и земледелие принесли в аул достаток и богатство. Люди с большим уважением относились к Сейткулу, прислушивались к его мнению, он сумел их сплотить для защиты своего скота от кочевников.

Старший брат Сейткула, продолжавший воровать скот, был схвачен и убит, а семья его ограблена. Сейткул не оставил семью брата в беде, посчитал долгом позаботиться о них, нашел и забрал в свой аул.

В этом произведении Ы.Алтынсарин, сравнивая братьев, не хулит одного и не хвалит другого, но читатель понимает, на чьей он стороне. И делает выбор в пользу тяжелого, но честного труда, который в результате сделает его богатым.

Произведение как никогда актуально в наше время.

Еще одно творение Ыбырая Алтынсарина, которое кажется простым, написанным для детей, но имеющее более глубокий смысл, чем тот, который лежит на поверхности.

Это рассказ «Сын бая и сын бедняка», в нем автор повествует об истории двух мальчиков, которых забыли на старом кочевье. Усен, сметливый, умный мальчик из бедной семьи, и Асан, сын бая, который привык жить на всем готовом. Усен – трудолюбивый, наблюдательный, использует свои знания для выживания. Асан – плаксивый неумеха, постоянно ноет, причитает, пугается любой трудности. И умный Усен выводит их к новому кочевью, пройдя все испытания. Так и Ыбырай, с раннего детства воспитанный дедом, рос умным, наблюдательным и любознательным мальчишкой. Он рано понял, что его народ, беден и безграмотен, и его надо вести, как Усен вел Асана, крепко взяв за руку, не обращая внимания на рыдания, стоны и упреки. Только так, через свет образования, можно привести свой народ к богатству и процветанию. Этому Ыбырай Алтынсарин посвятил всю свою жизнь: создавал школы, писал учебники, учил грамоте свой народ. Уча других, учился сам.

Уникальное сочетание многовековой мудрости, педагогики Степи и достижений педагогической науки своего времени, является величайшим наследием Ыбырая Алтынсарина для педагогики и культуры Казахстана.

Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

Алимтаева Камшат Ерболовна,

*Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы*

Алтынсарин балаларға өнегелі тәрбие беру аса маңызды іс деп біліп, балаларды оқыта отырып тәрбиелеуді ерекше қадағалады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ», – деген түйін жасайды. Ол шәкірттерді адамгершілікке, адал еңбекке, Отанды сүйуге тәрбиелейтін. «Барлық күш – жігерімді олардың мінез-құлқына ықпал етуіне жұмсаймын, кейін паракор болып шықпауы үшін» - деп жазды. Ы.Алтынсарин оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие негізінде білім беруді көздеді.

Ы.Алтынсаринкелешек ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды бала кезінен тәрбиеге баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деді. Тәрбиеге байланысты көптеген әңгімелер жазды. Ағартушы тәрбие тақырыбында жазған «Бақша ағаштары» әңгімесінде оқушылар үшін де, ұстаздар үшін де үлкен тәрбиелік мағына бар. «Баланы жастан» дегендей, оған о бастан түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін күресу керек, дұрыс бағыт беру керек, есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға соғады. Кейде сол қисаюмен барып, бастары тасқа тиеді. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін таптырмас қазына.

Сонымен қатар «Әке мен бала»- деген шығармасында жалқаулық пен еріншектіктің жақсылыққа жетелемейтінін баса айтты. Кейде сәл нәрсенге қомсынып, оған көңіл бөлмей, «түкке тұрмайтын жұмысты қиынсынып», бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл – жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекпен тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Болашақ ұрпаққа еңбек етуді, еңбекқорлыққа баулуды, еріншектіктен алыс болуды, бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жежесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерден аулақ болуды айдан анық жеткізді.

Қаламгердің адамгершілік қасиеттерге, жас ұрпақты еңбекке, әділдікке, кеңпейілділік пен ізгілікке т.б. толып жатқан түрлі ізгі қасиеттерге баулитын дидактикалық мазмұнды, ерекше мағыналы туындылары ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырларға жол тартатыны бесенеден белгілі жайт.

Ы.Алтынсариннің оқушыларға білім бере отырып тәрбиелеу ісі әрқашан өзекті болып қала береді.

Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Дүйсехан Ботагөз Рауанқызы,
Үшқоңыр су шаруашылығы колледжінің
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы*

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, ұлы ұстаз. Орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі.

Ыбырай әңгімелері өз заманының сол кездегі мәселелерді қарастырған. Шығармалары балаларды мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке және ізгі қасиеттерді үйретуге шақырды. Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы- еңбек. Тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасады. “Бай баласы мен жарлы баласы”, “Қыпшақ Сейіткүл”, “Асыл шөп”, “Бақша ағаштары”, “Таза бұлақ”, әңгімелерінде адамгершілік, еңбек, тәрбие тақырыптарына жазылған.

Адамзат баласы туылғаннан ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ана мейіріміне қанып, әке өсиетін тындап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары анық. Ыбырай әңгімелерін оқыған жалпы қауым “Тәрбиенің басы –тал бесіктен” екенін түсінеді.

Сондықтан да қазіргі таңда барлық оқу орындарында Ыбырай Алтынсариннің бастауымен жас ұрпақтарға білім мен тәрбие өз деңгейінде жүргізіліп, жүзеге асырылып жатыр.

Ыбырай Алтынсариннің шағын әңгімелерін өзімнің кәсіби және жеке өмірімде кеңінен қолданамын. Себебі, өз халқын оқуға шақырып, надандыққа зұлымдыққа қарсы шығуы және сол жылдардағы теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетті. Ыбырай білім беруді ту етіп ұстады және қазіргі таңда да жалау етіп желбіреп тұр.

Біз, қазіргі ұстаздар Ыбырайдың әңгімелерін балаларға оқытып, білімдерін арттырып, тәрбие мәселесін жалғастырудамыз. Бұрынғы заманда да, қазіргі заман да Ыбырайдың әңгімелері біз үшін, ұрпақ үшін үлгі-өнеге болып қалады.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Қалиақпар Алмагүл Тоқтасынқызы,
Үшқоңыр су шаруашылығы колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

«Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!»-

деп өзінің адамзат санасында ,рухани бойында ұялаған, қазіргі таңда да жас ұрпақты ілім-білімге шақырып тұрған Ыбырай Алтынсариннің ұраны мәңгілік болатыны сөзсіз. Ұлы педагог, тұңғыш ағартушы, жазушы, ақын, қазақ әдеби және жазба тілінің негізін қалаушы, ұлтымыздың халық ағарту саласында аянбай еңбек етіп, зор үлес қосты.

Өз халқын сүйген, болашағын ойлаған, жазушының қыл қаламынан жас жеткіншекті жан –жақты тәрбиелеу, білім беру мақсатында және қазақ әдебиетіміздің тарихында көрнекті орын алатын, құнды –құнды еңбектері, қазынасы қаншама десеңізші!

Еуропалық үлгіде шағын көркем қара сөз жанрын, яғни қазақ балаларына арнап жазған әңгімелерін дүниеге әкелді. Сол себепті де балалар әдебиетінің атасы деп атауы тегіннен –тегін емес еді.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің тақырыбы сан алуан, әрі көлемінің шағындылығы, қарапайымдылығы, танымдық мәні жоғары, қызықты, болған іс-әрекеттің табиғилығы, балаларға тән мінез-құлық түрлілігі-осының бәрі де жазушының асқан шеберлігін, ерекше орнын көрсетіп тұр. Оның «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Қыпшақ Сейітқұл» сияқты әңгімелерінде қозғаған ең негізгі мәселесі - баланы еңбекке баулу, еңбекті сүйю. Басқа да әңгімелерінде жастарды оқу-білімге, өнерді меңгеруге, Отанын, елін, жерін қадірлеуге, белгілі бір кәсіпті меңгеруге, адамгершілік қасиеттерді игеруге, талапты, жігерлі, сабырлы да кішіпейіл жақсы әдепті бойына сіңіруге, жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға шақырды. Оған дәлел ретінде, «Бақша ағаштары» сияқты әңгімесінде: «Сен-жас ағашсың, саған күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, жақсы, түзік кісі болып өсерсің», - деп жазушы бағып-қағуда көп мағына бар екендігін айтады. Осылайша, жазушы әңгімелерінде жастарды мәдениетті, тәрбиелі, білімді болуға шақырды.

Бәсекеге қабілетті жастарға тәлім-тәрбие беру ұстаздың қолында болса, еліміздің болашағы жастардың қолында деймін. Қазіргі таңда ұлы ұстаздың арманы орындалды. Оның еңбегі, есімі, рухани мұрасы халқымыздың қазынасы болып қала бермек. Ендеше, құнды қазынамызды бойымызға сіңірейік, оқиық, үйренейік, таратайық.

Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

Съезхан Жанибек,

*Үшқоңыр су шаруашылығы
колледжінің арнайы пән оқытушысы*

Ыбырай Алтынсарин (шын аты Ибраһим, 1841-1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педогогы, жазушы, этнограф, қоғам қайреткері. Оның қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған бірегей тұлға екенін жақсы білеміз. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшын Балқожаның қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатады. Білімге құмар, жас бала көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алады. Ол өзінің бай кітапханасымен Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етеді. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін де сол кітапханада өткізіп, күн сәулесіне құмар жас шыбықтай гүлдей түседі. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым, қалай, қандай жолмен көбірек пайда келтірсем деген сұраққа толы абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік мақсатына айналады. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш ол, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды.

Ыбырайдың барлық дерлік еңбектерінде, ата тәрбиесі, ұлт болашағы астарлы да айқын түрде айтылады. «Кел балалар оқылық...» деп жарқын болашаққа ізгі ниетпен қол бұлғай шақырған ізгі ұстаздың қарапайым қазақ қоғамына сіңірген еңбегі зор. Сонымен қатар тек білімге емес, адамгершілікке, бауырмалдыққа, ізденіске, еңбекқорлыққа шақыруы еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейтінін, еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбиені негізге ала отырып ізденіспен жеткен нәтиженің мәнін ашатындай. Міне осының барлығы Ыбырай еңбектерінен ойға түйіп, есте ұстар қортындылар десек болады. Енді оның еңбектерінің біразына тоқтап кетер болсақ, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай мен жарлы баласы», «Байлық», «Әке мен бала», «Асыл шөп» және «Қыпшақ Сейіткүл», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ» сияқты әңгімелері өзінің өнегелігімен ерекше мәңгі тәлім берер күші мол көркем шығармалар. Мысалы, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде еңбек түбі- береке. Еңбекті сүйіп өскен жан әр нәрсенің қадір-қасиетін түсінеді. Жалықпай еңбектенген адамның істеген ісі де, өмірі де берекелі болатыны туралы айтылса, «Бай мен жарлы баласы» ертегісінде, ақылсыз қолға түскен байлықтың мәнсіздігін, адам қаражат жағынан кедей болсада білімді-ойламды, үйренімпаз болуы керектігін айтатындай. Ал, «Таза бұлақ» әңгімесінде, барлық адамның көз-қарасы әртүрлі болсада таза, шынайылықпен тынбай ізденіске шақыратындай.

Қорыта келгенде, Ыбырай әңгімелері бойында тек тәрбие ғана емес, астарлы ақиқат уйрену мен уйретуге деген таза ой жатыр деп білемін. Осы Ыбырай әңгімелеріндегідей мысалдардан үлгі ала өскен бүгінгі балдырғандарымыз, ертенгі қоғам мен өркениет иелері бұрыс жолға түспес деп сенемін. Тек жақсылыққа шақырушы, үндеуші бола біліп, өзіміз ізденушілер, дамушылар қатарында болып, Ыбырайдай тұлға болуға өзіміз ұмтылсақ біздің ұрпағымызда білімділер санатынан болуы сөзсіз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары талассыз, олай болса сол ана сүтімен әке алақанымен берілетін тәрбие деген алғашқы мектепті осы Ыбырай әңгімелеріндегідей ету біздің қолымызда!

Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

Нураков Габит Акрамович ,

Үшқоңыр су шаруашылығы

колледжінің арнайы пән оқытушысы

Ыбырай Алтынсарин 1841-1889 жылдар ралығында өмір сүрген. Ыбырай Алтынсарин қазақ ағарту ісінің көрнекті өкілі, педагог, теоретик-этнограф, тарихшы эканамист және оған қарсы өзінің бастамаларын іске асырған қайраткер. Алғашқы халық мектебін ашып, қазақ тіліндегі алғашқы хрестоматияны шығарып, «Кел балалар оқылық» деп балалаларды оқуға шақырған. Ыбырай Алтынсаринның білім саласына қосқан үлестері қаншалықты маңызды?

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» елеулі үлес қосты. Оның «Кел балалар оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері халық-ағарту идеясын көтерді. «Кел балалар оқылық! Оқығанды көңілге,Ықыласпен тоқылық»,-деп жастар арасында оқуға,білім алуға шақырды. Өлеңнің әр шумағында оқудың әр жақты пайдасын айтып, білім туралы жаңа ой тудырды. Менің ойымша, жастардың білімге құштарлығын ояту үшін көп еңбектенді.

Ыбырай өзі үшін емес, халқы үшін көп жұмыс жасады. 1864 жылы алғаш Торғай мектебін ашты.Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, балаларға орыс тілін үйретіп, пән негіздерімен білім беруге тырысты. Білім жолында халқын ынталандырды.

Ы.Алтынсарин бүкіл өмірін халқына арнады. Біріншіден халқының надандықтан арылуы үшін, мектеп ашты. Екіншіден басқа елдермен тең тұруға мүмкіндік тудырды. Үшіншіден ана тілін кеңінен танытып,оқудың жаңа әдісін еңгізді. Алған білімін халқының пайдасына асыруға талпынды. Менің ойымша Ыбырай Алтынсарин білім саласына айтарлықтай үлес қосқан есімі өшпес дара тұлға болып қала береді.

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсарин талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер, қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы. Ол қазақ балаларының сауатын ашты. Өлеңдері мен шығармалары арқылы халықты оқуға шақырды. Алтынсарин білім саласында көп еңбек еткен, халқын бірінші орынға қойған, оқуға жаңа серпін берген, қазақ хрестоматиясында елеулі үлес қосқан, қазақ халқан өзге елдерге танытуда еңбектенген көрнекті тұлға. Ұлт ұстазы.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы ата тәрбиесі

*Тойгулов Мухтархан Молдаханович,
Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық
колледжінің биология пәнінің оқытушы*

Бір Аллаға сиынып,
Кел балалар оқылық,
Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық- деп,балаларды оқуға шақырған қазақ халқының мақтанышы,ұлы ұстаз,тұңғыш ағартушы-ғалым шебер жазушы фольклоршы-этнограф Ыбырай Алтынсарин биыл 180 жыл толып отыр. Қазақ балаларына мектеп ашудан басқа,қолына қалам алып,көптеген ғибратты әңгімелерде жазды. Оның көп әңгімелерінің бірі,жалпы адамды жақсы жаққа тәрбиелеу,адамгершілік,сабырлылық сияқы құндылықтарға шақырды. Көрген қиындығына,қарамастан қазақ еліне сауаттылықты орната білді.Ұлы ағартушы тәрбиеге баса назар аудара білді.Сол үшінде адамға ең бірінші білім емес,тәрбие керектігін айтқан. Ол көбіне балалардың ана тілді оқуына байланысты баса назар аударып, «Қазақ хрестоматиясын» жазған болатын.Қазақ хрестоматиясының біріншісі-әртүрлі орыс тілді оқырмандардан,балалар өмірі туралы әңгімелер,қалған бөлімдері қазақ мақал-мәтелдерінен тұрды. Сондай шығармаларының бірі « Әке мен бала»

шығармасы. Ол шығармада әке мен бала кетіп бара жатып, әкесі сынған тағаны көріп, баласына

-Балам анау жатқантағаны алшы,-дейді,

-мынау сынған тағағой неқыласың,-деп менсінбейді. Ал әкесі сонда өзі еңкейіп, сол тағаны алып, базардағы ұсталарға өткізіп үш тиын алады. Сол тиынға толтырып шие сатып алады. Кейін оны өзі жеп келе жатып, бір-бірден жерге тастай бастайды, баласы сонда сол шиелерді ерінбей алып, жей бастайды. Сонда әкесі:

-Сен мана тағаны жамансынып алмап едің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, он еңкейдің,-деп айтады. Мұнан былай есінде болсын аз жұмысты қиындысаң, көптен де құр қаласың,-деген екен. Бұл әңгімеде, ешқашан жұмыстың азды, көптігіне менсінбей қарауға болмайтынын, Азға қанағат ету керектігі айтылған. Ұлы ағартушының келешек ұрпақ үшін атқарған еңбегі күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі әкенің рөлі

Хахан Айжан,

*Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық
колледжінің қазақ тілі мен әдебиті пәнінің оқытушысы*

Қазақ халқында «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақал бар. Ата-ананың тәрбиесі баланың жақсы адам болып шығуына ерекше әсер етеді, яғни бұл-ұлттың мұраты, ұрпақтың болашағы. Осы тәрбие Ы.Алтынсариннің әңгімелерінен көрініс тапқан. Мысалы, «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл». «Жаман жолдас», «Тазша бала» атты әңгімелерінде әкелеріміздің баланы елін сүйген, еңбекқор, батыл, елдің қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеу жолындағы әрекеттері, сол әрекетті сөзбен емес іспен дәлеледеу қажет екендігі әңгіменің сюжетіне арқау болған. Ы.Алтынсариннің өзі де атасы Балғожа биден тәрбие алып, сол тәрбиені өзінен кейінгі ұрпаққа қарапайым тілмен жеткізу арқылы құнды мұра қалдырды. Әңгімелері ерлікке, мейрімділікке, ізгілікке толы. Атасы Балғожа биден тәрбие алған Ыбырайдың жүрегі де мейрімге толы екені сөзсіз.

Оқуға кеткен Ыбырайға атасы Балғожа би былай деп өлең жолдары арқылы хат жазады. «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңінде:

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаныңа жәрдем берсін Құдай Тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп, сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл берсең, басыларсың.
Ата-анаң, өнер білсең, асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең, нетер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.

Тентірепекіауылдыңарасында
Жүргенмен, не мұратқажетередің?!

Осы баласына жазған хаты арқылы бүкіл жастарға ой тастайды, оқудың, ғылым-білім үйренудің маңыздылығын түсіндіреді. Осындай атадан тәрбие алған Ыбырай да атадан қалған аманатты жас ұрпаққа жеткізіп отыр. Білімсіз, еңбексіз дұрыс азамат болып қалаптаса алмайтындығын әңгімелеріне арқау етеді. Атасы Балғожа бидің хатындағы «Үміт еткен көзімнің нұры, балам...» деген өлең жолы жүрегіңе мейрім ұялатады, бұндай жылы сөзге қалай жүрегің елжіремесін?! Әр бір ата-ана баласына үлкен үміт артады. Осы үміт оты дұрыс тұтанса, жаққан «отымыз» маздап, жалындап, нәтижелі болары сөзсіз.

Ыбырай Алтынсариннің құнды мұралары бүгінге кешегі бабаларымыздың, аталарымыздың, әкелеріміздің, тау тұлғалы ағаларымыздың ұрпақ тәрбиесі жолындағы аманатын арқалап келіп отыр. Бұны ары қарай жалғастыру өскелең ұрпақтың алдында тұрған азаматтық борышы деп білемін.

Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

Құлжабек Пәриза,

*Талдықорған агро-техникалық
колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы*

Қазақ халқының ұлы ағартушысы *Ыбырай Алтынсарин* балаларға арнап, сөзі жатық, мағынасы қызықты, мәні зор қысқа әңгімелер жазды. Сол шығармалары тәрбиенің алтын діңгегі деп айтуға болады. Ұрпақты әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді.

Алтынсаринның атақты «Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш» дейтін әңгімесі бар. Сонда атасы ұлына өрмекші, құмырысқа, қарлығашты көрсетіп солардан үлгі алуға үндейді. «Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырысқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек», -дейді атасы. Тіршілікте жыбырлаған жәндік те, аспанда ұшқан құста тыным таппай еңбектеніп жүр. Өлгі ата баласына соны көзбен көрсетіп айтқан ақылын нақты іспен ұғындырады.

Бұл өзі жай ғана әңгіме болғанымен берері мол шығарма. Өйткені баланың зейінін ашып, еңбексүйгіштікке баулуда басқалай мысал келтірсең санасы сіңіре алмауы мүмкін. Ал өрмекші, құмырысқа, қарлығашты күнде көріп жүр. Олардың тынымсыз тірлігін жай ғана қимыл-қозғалыс деп ойлап жүрген бала үшін атаның айтқаны ойлантарлық дүние. Шынында жұмыссыз жүрген бір жан жоқ екенін анық түсініп жете алады. Бұл жерде ата тәрбиесінің маңызы бірден байқалады. Көпті көрген ақсақал ұрпақ тәрбиелеу ісінде даналық танытады. Қызықты мысал, қарапайым тәрбие көзін табиғаттың өзінен алады.

Шығармада айтылған дүние, ойлар әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазір не көп, жатып ішер жалқаулар көп. Ата-анасының тапқанын ішіп-жеп, жұмыс жоқ деп қарап отырған жастар осы әңгімені оқыса ғой деп ойлаймын. Олардың бойында құмырысқа, өрмекші, қарлығаштың еңбексүйгіш қасиеттерінің бір жұғыны болғанда бекер қарап жатпайтын еді.

Алтынсарин ата образын жасау арқылы, жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал» - деп өсиет айтты. Бір әңгімесінде: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» — деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», — деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой- деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», — деді. Тағы да сол табиғаттың өзінен алынған әдемі де, қарапайым мысал. Ата мен бала арасындағы осы бір диалог талай ата-анаға азық болды. Тұлымды мен бұрымдысын тәрбиелеуге көмектесті. Ал шығарманы оқыған бала санасында аталардың бейнесі асқақтап, «аталар неткен керемет, олар бәрін біледі» деген құрмет қалыптасады. Ғибраты мол туынды әлі талай ұрпақты тәрбиелеуде бағыт-бағдар болмақ.

Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Берліқаш Сымбат Мақсатқызы,
Талдықорған агро-техникалық
колледжінің арнайы пән педагогі*

Ыбырай Алтынсаринның ұлы есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиетінің ақын, жазушыларының баларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиетінің ұлы тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі.

Мазмұны жағынан Ыбырай Алтынсарин әңгімелері өз заманының салмақты мәселелерін көтереді. Оның керемет, терең ойлы шығарма еңбектері жас ұрпаққа мейірімділікті, адамдық, ізеттілік, ақылдық пен білімділікті және тағы басқа ізгі қасиеттерді үйренуге, өз бойына түюге шақырады. Ыбырай атамыз Қазақ хрестоматиясына Қара бала, Таза бұлақ, Әке мен бала, Байұлы, Жиренше шешен, тазша бала туралы ертегі, бай баласы мен жарлы баласы» атты және т.б. тәлімдік мәні зор шығармаларын еңгізді. Бұл қазақ хрестоматиясына еңген шығармалар ағартушылық идеяларымен қамтылған. Оларды оқыған Жас бала санасына өте үлкен әсер етеді. Сөйтіп оны жақсы, өнегелі, тәрбиелі істерге баулып, тәрбиелейді. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының басты тақырыбы – еңбек және тәрбие. Ол жас ұрпаққа

барынша еңбекпен, тәрбиенің әр адам өміріне таптырмас маңызы бар екенін жеткізгісі келеді және бұл келешек ұрпақтың ойларына оңай, әрі тез тоқылуы үшін шығармаларының бәрі қысқа мазмұнды, оңай бірақ өте көркем эстетикалық тілмен жазылған. Сонымен қатар аз сөзге көп мағына сиғызу, мақал мәтелмен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдылық мәніне ерекше көңіл аударуы. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар оқып, тоқи алатын кітаптарына қойылатын стандарттарға сәйкес келтіріліп жазылған. Сондықтан жас ұрпақ оның бәрін тез арада оқып автор жеткізгісі келетін идея мен тәлім тәрбиені әлі күнге дейін тоқып отыруда.

Жоғарыда Ыбырай Алтынсарин деген өнегелі адам тураллы және оның жас ұрпаққа қалдырған өнегесі жайлы айта келе қорытындыны осылай жасай аламын. Ыбырай Алтынсарин шынында өте ұлы тұлға болған. Өз артынан өте көп жақсылық пен тәлім тәрбие қалдырған нағыз есімін мақтанышпен айтуға болатын шығармашыл адамдардың бірі деп нақты айта аламын. Шығармалары шынайы түрде нағыз тәлім тірбие, өнеге, тәртіп, өмірлік сабақ беретін соншалықты көркем, мықты идеялармен нақтыланған. Ең бастысы бұл керемет шығармалардың бәрі әр оқырманның ойына тез түйілетін көркем оңай, ауырлығы жоқ тілмен жазылып жеткізілген.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Абильмажсинова Асель Куанышбековна,
I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне
қарасты «Zhansugurovcollege» оқытушысы*

Ыбырай Алтынсарин – бар зиялы өмірін қазақ балаларына білім беруге, жалпы адамзаттық құндылықтарды олардың бойына сіңіруге арнаған ұлы тұлға. Өз уақытындағы әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтарға қарамастан, бірнеше білім беру мекемелерін ашты. Қазақтың кең даласында дара ұстаз бола жүріп, кішкентай қаракөздердің тұлға болып қалыптасуына, қоғамның белсенді мүшесі болуына атсалысты.

Қоғамдық сананың басты құндылығы – адамгершілік, талап, мейірімділік, еңбекқорлық екенін әңгімелеріндегі кейіпкерлердің: мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, ой қорытуымен шебер көрсете алды.

Бала тәрбиесіне бағытталған туындыларындағы басты тақырыбы - адамгершілік. Мәңгілік рухани байлыққа жетелейтін бұл бақыттағы әңгімелерінің орны бір төбе. Мейлінше түсінікті, балалардың ұғымына жеңіл, тілі жатық жазылған осы тақырыптағы туындыларға: «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейіткұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім» тағы басқаларын жатқызуға болады.

"Бай баласы мен жарлы баласы" – көпшілігіне танымал, әңгімелерінің шыңы десем артық айтпаймын. Бұл шығарманы оқып отырған бала еңбек етудің қажеттілігін түсінуге, өмірдің сырын ұғуға үйренеді. Туындыдағы Үсеннің іс-әрекеті «адамгершілік» деп аталатын асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Автор Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың

адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай талдап береді. Жұртта қалып қойға екі баланың бірінің жол таба алмай жылауы, ешнәрсе істей алмауы, шарасыздығы көрсетілсе, ал, екіншісінің ақылдылығы, еңбекқорлығы, жанынан табылған адамға жақсылық істей алуы айтылады. Оқырман басты екі кейіпкер: бай баласы мен жарлы баласы арқылы өмірдің шынайы ақиқатын түсінеді.

Балалар әдебиетінің атасы - Ы. Алтынсариннің ғибратты әңгімелері бүгінгі жастардың да асыл қазынасына айналды. Келешекте де мағынасы кемелденіп, рухани-адамгершілік білім берудің басты тетігі болып қала бермек.

Өз ойымды қорытындылай келе, ұлы ұстаздың: «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жол сал» деген қанатты сөзімен аяқтауды жөн санадым.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Кабылбекова Жанна Несипбековна,
Талғар политехникалық колледжінің
қазақ тілі пәнінің оқытушысы*

Ыбырай Алтынсарин - қазақ педагогикасының қалаушысы, ұлы жазушы және ағартушы. Сол кездегі әлемдік тенденцияларға бейімделіп, мыңдаған қазақ балаларына болашақта үлгілі адам болып өсуге мүмкіндік берген болатын. Атап айтсақ, “Мейірімді бала”, “Тәкәпәршілік”, “Жаман жолдас”, секілді әңгімелері қазақ әдебиетінде қайталанбас із қалдырды.

“Мейірімді бала” әңгімесі адамның ішкі сезімдерінің алуантүрлілігін көрсетеді. Мәселен, Сейіт байқаусызда аяғын сындырып алса да, бірден өз қателігін түсініп, еш жыламай, анасының қамын ойлап, алдына келген мәселені шешуге тырысады. Өзінің ер жігіт қасиеттерін көрсетіп, анасына қиындықтар тудырмай, оған көмекші болуды көздеген болатын. Бұл әңгіме көмегімен, Ыбырай атамиз баланың айрықша тәрбиесін көрсетіп, үлкендерге деген құрметтің маңыздылығын насихаттаған еді.

Ыбырай атамиздың тағы да маңызды әңгімелерінің бірі - “Тәкәпәршілік”. Америкалық Франклиннің Медера қаласының қартына қонаққа келуі жайында айтылған болатын. Ыбырай Алтынсарин жас Франклиннің алдындағы есіктен еңкеймей өткісі келгенің жастық шақтағы қызулықпен байланыстырады. Алайда, қарттың оған берген кеңесі - тәкәпәршіліктен аулақ жүріп, көптеген соққыдан аулақ бола аламыз. Бұл әңгімеде, Ыбырай атамиз жас ұрпақтың жігерлілігіне ұғынып, алайда бұл жігерді орынды пайдаланудың маңыздылығын тәрбиелейді

“Жаман жолдас” - шын достықтың мәнділігін көрсететін әңгіме, Ыбырай атамиздың ең танымал жазбаларының біріне айналған оқиға. Екі достың қиындыққа ұшырап, бір достың тек өзін ойлап, көмек беруден бас тартқаны айтылады. Достықтың тек мерейлі күндерде ғана емес, қауіп-қатер кезінде де көрінетіні жайлы тәрбие беріледі. Ыбырай Алтынсарин тек қана дос таңдауды

тәрбиелемей, өзіміздің де басқаларға жақсы дос болуға деген ынтамыздың болғанын сұрайды.

Қорытындылай келе, Ыбырай атамның әр әңгімесі - тәрбиенің қайнар көзі. Болашақ ұрпақтардың да бұл құндылықтарды үйренгені өте маңызды деген ойдамын. Мектептер ашып, әдістемелер жазумен қатар, Ыбырай атамның өсіп келе жатқан ұрпаққа нағыз қазақ құндылықтарын жеткізген еді

Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Толымбек Айгерім Бекенқызы,
Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пән оқытушысы*

Тал бесіктен басталатын ата тәрбиесінің түп тамыры өте тереңде жатыр. Біздің әдебиетіміз барша қазақ жұртына үлгі болар әке ғибратына тұнып тұрған қайнар бұлақ.

Қазақ ұстаздарының атасы Ы.Алтынсариннің әңгімелері ұлттық құндылықтарымызды шегіне жеткізіп дәріптейді. Тәрбиенің, әсіресе, ата тәлімінің қоғам үшін басты рөлін түрлі мысалмен айқындап береді.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде он жасар балаға айтқан атаның ақылы құрғақ сөзге құрылмаған. Екі жәндік пен жұдырықтай құстың қайнап жатқан тіршілігін мысал ете отырып, жас өскінді еңбекқор болуға шақырады. Қазіргі заманда ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүргісі келетін жастарға нағыз мотивация. Адам баласы еңбек етсе ғана қалағанына қол жеткізе алады. Осыны Ыбырайдың туындысы арқылы саналы ұрпаққа жеткізе алсақ, қанекей?

«Әке мен бала» шығармасы «ерінгеннің ерні жібімес» деген аталы сөзді көз алдымызға суреттеп береді. Ерте жастан түзу тәрбие көрген тұлға – ұлт болашағы. Айтарын сөзбен емес, іспен жеткізгенәкенің көрегендігі даналықтың шыңы. Ұл әкеге қарап өседі. Әңгіменің астарындағы аз жұмысты қиынсынбау, азға қанағат ету сынды асыл қасиеттердің мазмұны әлі де өз күшін жойған жоқ.

«Білгеннің пайдасы» атты әңгімеде бай Броун баласының қарт кісіні мазақ қылуықазір де жиі кездесетін құбылыс. Бірақ көнекөз қария бұл әрекетке мүлде ашуланбайды. Керісінше аталық ақылын айтып, жасөспірімге жаңа өнер түрін үйретеді. Соңында бұрын менсінбеген ісі келешегінің шамын жағады.

«Жәнібек батыр» туындысында батырдың бала күнінде ақыл үйрену үшін Қаракерей Соқырабыз дегенді іздеп келгенін айтады. «Балам, не жұмысың бар, бұл жақта неғып жүрсің?» деген абыздың сұрағына бала былай дейді: «Осы жақта бір қарт атамның бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл-білім алайын деп жүр едім». Осы бір ғана жауаптың астарында үлкеннің батасын алу, ата ғибратын есту, қарияға деген құрмет сынды ұлттың шынайы бейнесі жатыр.

Ыбырай әңгімелерінің шоқтығы биік. Әрбір бала жүрегімен оқуы тиіс. Ата тәрбиесін сезініп, ғибратын естіген азамат ел намысын аяқ асты етпейді. Ата ақылы – ғұмырыңа себілген дән.

Ыбырай – шамшырағы қазақтың

*Жұмагерей Мереке Маратқызы,
Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік
колледжінің АӘТД пән оқытушысы*

Бір Құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық -Ыбырай атамыз айтып кетпекші, бүкіл қазақ балаларының қамы үшін маңдай терін төгіп, шырақшы болып алғаш мектеп ашқан, ұстаз ретінде де тарих қойнауында мәңгі қалары сөзсіз. Ақын атамыздың ауыр кезде өмір сүріп, елі үшін шаршамай қараң қалған халықты білім-ғылым арқылы жарқын болашақтың бар екенін көрсету үшін талмай еңбек еткені келешек ұрпақ, біз үшін- ардақты іс.

Мұхтар Әуезов атамыз: «Ірі ағартушы, озық саналы әлеумет қайраткері, өнерлі ақынның артында қалдырған ізіне, қадірлі жолына қарап отырсақ, заманына бақсақ». Бұл сырлы сөздерге қарап, ақын жүрегінің таза, қайраты мықты екенің аңғаруға болады.

Оқысаңыз балалар

Шамнан шырақ жағылар - демекші, оқу, білімнің арқасында, өскелең ұрпаққа алтыннан тәж киіп, қолды болмайтын асыл қазынаның иесі болуды, даналыққа бастар жол- білім, екенің ұғындырғандай.

Ыбырай атамыздың педагог-мамандар үшін жолсерік іспеттес. Бұлай айтуымның себебі, педагогикалық мұрасында. Ыбырай Алтынсарин білім беру саласына айтарлықтай серпіліс берді. Қазақстан педагогикалық жүйесінде жалпы педагогика, дидактика және методика саласының аса маңызды принциптері қолданыла бастады. Оқыту әдістерінің орыс мектебінің озық үлгіге сай жасалуын ойластыру, оқушылардың соңғы ғылым, өнер саласында жаңалықтарды біліп, игеруге үлкен мән берді.

Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен достарым.

Біздің, ұсаздардың мақсаттардың бірі, тек оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, осындай Ұлт ұстазарымыздың жібін жалғастыру, ел педагогикасына жаңа леп, ізгі амал жасау болуы қажет деп санаймын.

Ы.Алтынсариншығармаларындағы ата тәрбиесі мен ғибраты

*Ахметова Гульзат Қуатбековна,
Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік
колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы*

Ы. Алтынсарин ағартушылық бағыттағы шығармалардың авторы ретінде баршамызға таныс. Олжас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде өз бойындағы ізгі қасиеттерін ұлтына қызмет етуге арнаған.

«Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық», - деген өлең жолдарыкөптеген білім ордаларының маңдайшаларына ілініп, білім алушыларды оқу әлеміне ден қоюға ұмтылдырып келеді.

Ағартушы бабамыз Ыбырайдың еңбектері тек білімге ғана емес, тәрбиеге де арналған. Яғни, білім мен тәрбие қатар жүретінін, тәрбие болмаған жерде білім болмайды және білімді адамның тәрбиесіз болуы мүмкін емес дегенді аңғартады. Ал тәрбиенің түп негізі ұлтымыздың даналық тәжірибесінде жатыр. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз. Бұл тұрғыдан келгенде Ыбырай шығармаларына ұлтымыздың ата-әже институтының маңыздылығын жиі арқау еткен.

«Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ» сынды тәрбиелік шығармаларында Ыбырай ғибратты мысалдар арқылы тәрбие дәнін еге білген. Ұлы ұстаз сонымен қатар шебер тәрбиеші екенін де көре аламыз.

«Мейірімді бала» атты әңгімесінде Қытай жұртында ескі заңда өтірік айтқан, алдаған болса, ол адамның қолын кесу сияқты жазалау болған екен. Бір төре осындай жағдайға тап болғанда, әкесін жазасына төренің қызы әкем жазаға лайықты екені рас деп тақсыр патшаға қызы келеді. Әкем үшін мен жауап берем деп белін бекен буған екен жас қыз, әкесінің қолының орнына өз қолын ұсынған екен. Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала шағаларын асырауға шамасы келмейді, Бұйырыңыз, тақсыр, осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала шағаларын асырайтын қолын атама қалдыруға. Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешті дейді. Осы мысалға қарай отырып, Ы. Алтынсариннің шығармаларының көбшілгінің беретін тәрбиелік маңызы зор.

Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл болуымен де кішкентай оқырмандарды өзіне тартады. Сол шығармалардан үлгі алған жас ұрпақ ғибратқа толы мазмұнда ой түйері анық.

Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Ақылбек Айгерім Кәдірбекқызы,
Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің
қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы*

Қазақ халқының ағартушысы Ыбырай Алтынсарин шығармаларының басты тақырыбы – тәрбие. Тәрбие адамның өмірінде ерекше маңызды рөлді атқарады. Ыбырай Алтынсариннің жас жеткіншектерге ой салатын, тәрбиелік мағынасы мол әңгімелері жетерлік. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы мектеп табалдырығын аттаған әр бүлдіршінге ой салады. Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ағартушылық идеясы шығармаларынан көрініс тапты. Ұлы ағартушының «Мейірімді бала», «Қанағат», «Әке мен бала», «Өтіріктің залалы», «Тәкәппаршылық» тағыда басқа әңгімелері жастарды әділ, мейірімді, салмақты, сабырлы, қайырымды болуға тәрбиелейді. Басқада әңгімелерінің жастарға өнегелі тәрбие беруде орны ерекше. Балаларға арнап жазған әр әңгімесі тәрбиеге, өнегеге толы, қызықты да, қысқа. Өз заманының маңызды мәселелерін қамтитын әр әңгіме тәрбиенің қайнар көзі.

Ғибратты сөздер адамды ойландырмай қоймайды. Ғибраты мол әр әңгімеден өзіңізге ой алып, өмірлік тәжірибемен салыстырып, қорытынды шығара аласыз. Әңгімелерінде адам баласы бастан кешетін өмір сабақтары әр қырынан алынып әдемі суреттеледі. Тілге жеңіл, түсінікті әр әңгіме қаншама уақыт бұрын жазылсада өз маңыздылығын жоғалтқан емес.

Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, жоймайды да. Атаның өсиетін тындап, ананың мейірімін көріп өскен бала түбінде жақсы азамат болады. Ұлы ағартушының әңгімелерінен жасынан отбасы тәрбиесін көрген баланың, азамат болғанда өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деп тұжырым жасауға болады. Ағартушының әр әңгімесмен келер ұрпаққа ой салып, тәрбиелеу саласында қолдану біз үшін тиімді. Кез келген әңгімені мысалға алып сөйлесеңізде тәрбие саласында өз орны бар.

«Мейірімді бала» әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұрған шығарма. Ол жердегі кейіпкердің сөзіне мән берсек, өзімізге керекті ой түйеміз. Әңгіме адамдық қасиеттерді жақсы сипаттаған. Ана мен баланың арасындағы ерекше байланысты ерекше жеткізген.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин шығармалары қысқа мазмұнды болса да, олардың ішіндегі тәрбие берер терең мағыналы сөздердің болуы, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару ұлы ағартушы Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері бар екенін анықтауға болады. Оларды түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

Жунисова Рысалды Шаймуратовна,

*Қапал кәсіптік-техникалық колледжі
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары*

«Өнер - білім бар жұрттар» деп бар саналы өмірін өз халқына арнаған дана ұстаздардың бірі- Ыбырай Алтынсарин. Өлеңдері, әңгімелері ата ақылына толы, оқыған сайын оқырманын баурап алатын шығармаларының шоқтығы адам бойындағы асыл қасиеттерді тәрбиелеп қана қоймай, қалыптасуына әсер етеді.

Дананың даналығын сезіну үшін ол кісінің ғибратты әңгімелерін оқып, өлеңдерінен сусындап, білім қуған жастарға «Өнер - білім бәрі де, оқуменен табылған» деп бүгінгі күнде де өзектілігін жоймайтын ғылым іздеуге шақырады. Қай заманда болсын, өнер үйренудің, маңыздылығын алға тартады. Мал табудың, табиғатты сезінудің кейбір жолдарын үйретеді. Оған дәлел жастайынан еңбекке араласқан, әке сөзін тындап өскен Үсеннің «Үйрек- қаз- адал құстар, мұқтаждықта құдайтағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырады, бірақ тірілей байлап- матап әуре ету обал, деген қарапайым сөзінің астарында бұл өмірде титтей тіршілік иесіне залалың тимесін немесе» далада жүріп адассаң, молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады., деген тіршілік қағидасын ұғындыра түскісі келгендей. Жастайыңнан ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін терең түсіндіріп, санаңа сіңіргісі келетіндей.

Шығармаларының құндылығымен Ыбырай атамыз бізбен замандас сияқты. Жылдар емес, ғасыр өтсе де халқына айтқаны қай заманда болсын өзекті. Себебі «Дүние қалай етсең табылады» деген аудармасында адал еңбектің арқасында адам болу мен үнемшілдіктің пайдасын үйретсе, «Асыл шөпте», «Сабыр» деген осы күнде жетпей жатқан төзімді Бәтима қыздың бейнесін елестетеді. «Атымтай Жомартта» бай болудың төрт түрлі құпиясын ашса, «Әке мен балада» «Аз жұмысты қиынсыңсаң- көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат ете білмесең - көптен де құр қаларсың» деген тағылымды ой айтады. Әрине қанша заман өтсе де, сөзін ұғып, тұшына білген саналы ұрпаққа Ыбырай Алтынсарин- дана ұстаз, артына қалдырар сөзі бар ғибратты ата болып қала бермек.

Ұлы ұстаз өнегесі мәңгі өлмейді

*Иманбекова Айгул Ибрашевна,
Алматы облысының қызмет көрсету және
тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар
колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

Бүкіл қазақ даласын, сыңғырлаған қоңырауымен оятқан, тұңғыш педагог, ақын, ағартушы, балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толып отыр.

Ы.Алтынсарин қазақ балаларына тек мектеп ашып қана қоймай, орыстың белгілі педагогтарының әліппе, оқулықтарын негізге ала отырып, қазақ балаларына арнап «Қазақ хрестоматиясын» жазады. Бұл кітап тек оқу құралы ғана емес, сол кездегі бала тәрбиесіне арналған көркем шығарма, озат ой-пікір ұлт қазынасы болды.

Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өз заманының тікелей өмір мәселелерін суреттеуге арналады. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады.

«Ыбырайдың әңгімелері - тәрбиенің қайнар көзі» деп айтуға толықтай негіз бар. Себебі, оның көптеген әңгімелері тәрбиелік мақсатта жазылғаны бізге мәлім.

Ыбырай атамыздың шығармаларының ең басты тақырыбы - еңбек. Адамдар еңбек ету арқылы көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Күнделікті ішіп- жейтін тамағының, киетін киімінің өзі еңбекпен келетінін және қоғамдағы байлықтың бәрі еңбектен тұратынын, өз әңгімелеріне тақырып етіп алып, еңбектенудің адамдарға қажетті нағыз байлық екендігін көрсетеді. Ыбырайдың еңбек тақырыбына жазылған әңгімелері, өзінің өнегелігімен қазіргі жастарға тек қажырлы еңбек пен үлкен сабырлылықтың арқасында ғана жұмсалған еңбектің бостан-босқа кетпейтініне және сабырлылық танытып, шыдамды болса ғана көптеген жетістіктерге жететіне көз жеткізеді. Ал іс-әрекетсіз бос жүру, еріншектік, жалқаулық, сенімсіздікпен жасалған іс ешқашан да алға баспайтыны Ыбырай әңгімелерінен көрініп тұрады.

Ы.Алтынсарин шығармаларын тағы бір қырынан танытын болсақ, ол өсиет өлеңдері. Өсиет өлеңдерінде Ы.Алтынсарин қазақ жастарын ынтымақшыл, бірлікте болуға шақырғандығын көреміз.

Қорыта келе, Ы.Алтынсарин шығармалары қысқа мазмұнды болса да, олардың ішіндегі тәрбие берер терең мағыналы сөздердің болуы, ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көз жеткіземіз.

Ендеше, ұлы баба есімі, ұлы ұстаз өнегесі, ұрпақ санасында, ел есінде мәңгі қалары сөзсіз дей отырып, сөз соңын алғашқы ұстазға арнаған өз өлеңіммен аяқтағым келеді:

Мектеп ашып шақырдың,
Оқу, білім-өнерге.
Оқыттың қазақ баласын,
Сауатын ашып талайдың.
Ұлықтауға жетерлік,
Даналығың бүгінде.
Тойлайды мерей тойыңды,
Мәңгілік елдің төрінде.
Ғибрат, өсиет-өнегең,
Өлмейді, мәңгі жасайды.
Алғашқы ұстаз – мәртебең,
Жадында қалар еліңнің.

Ыбрай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Кажитаева Жадыра Ораловна,
Тоқжайлау политехникалық
колледжінің жалпы пән оқытушысы*

Ыбырай – ірі тұлға, оның өнегелі өмір жолы тұтас тарих. Оның үлкендер мен кішілерге беретін адамгершілік турасында әділдікке, шыншылдық пен парасаттылыққа кеңестері мол әңгімелерінің тәрбиелік мәні зор, әрі мазмұнды. Ы.Алтынсарин шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі – еңбекті сүю, қадірлеу. Жазушы өз шығармаларында бұл тақырыпты үлгі - өнеге түрінде суреттесе, кейде халық тұрмысының шыншыл суреттері арқылы реалистік тұрғыда танытады. «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесінде жазушы таптық алшақтықты шебер көрсете білген. Көштен қалып қойған қос баланың басынан кешкен оқиғаларын суреттеу арқылы әр баланың өмір тануы, икемділігі жайлы мәселеге ерекше мән береді. «Тәрбие тал бесіктен» деген сөзді біздің дана халық бекер айтпаған. Себебі, кішкентай кезінен атасының өнегелі сөздері мен көрген тәрбиесі – бүгінгі күні бүкіл ұрпақты тәрбиелеуге қажетті асыл қазына деп түсінемін. Сол ата берген тәрбиенің нәтижесінде туған осы әңгімесін оқыған әр балаға үлкен ой салатынына сенімдімін. Әңгімеде қиындық туындағанда екі бала екі түрлі мінез көрсетеді. Байқайтынымыз, тәрбиенің туған ата-анадан, қоршаған жақын жандардан бастау алатындығы. Себебі, Үсен әкесінің айтқан ақылдарын құлағына

құйып, іс-әрекеттерін бойына сіңіріп жүргендігінің арқасында аман сау көшіп кеткен елдеріне жетеді. Әңгімесінде автор балаларды тапқырлыққа, еңбекқорлыққа, ауыр күн туғанда мойымай, мақсатқа жету жолында күресе білуге шақырады. Қазыр көштен қалмасын деп баршамыз кішкентай балаларды балабақшаларға берудеміз, алайда атасы мен апасының мейірімін көрген бала көштен асып шықпаса артта қалмас пікіріммен талайы келісері анық.

Ұлы ұстаз тағылымын мектеп есігін ашқалы оқып-біліп, саралап жатырмыз. Атамыздың мерейтойы қарсаңында да түрлі кеңестерін жадымызда сақтаймыз. Тәрбиелік маңызы бар кеңестерін ереже ретінде ұстанамыз. Ол күллі қазақ елінің тәрбиешісі десем артық болмас. «Адамгершілік – асыл қасиет» екендігін сөз етуден жалықпай, келер ұрпаққа тек адами құндылықтарды дәріптеп, үлкен саналылықты ұсынып, ғибрат алуды үйрете қалам тартқан. Менің айтарым, Ыбырай атамыздың әңгімелерін түсіне оқып, тәлімді де тәрбиелі болайық.

Тема воспитания в творчестве Ибрая Алтынсарина

Шварц Эмма Карловна,

*Текелійский профессиональный колледж
преподаватель русского языка и литературы*

На протяжении всей нашей истории было очень много истинно одарённых людей: талантливые учёные, великие полководцы, выдающиеся поэты и писатели, известные учителя. Однако не всегда совпадали их ум и талант с характером, а слово с делами.

Каким же человеком был Ибрай Алтынсарин? В чём сила его воспитания? Великий русский писатель Л.Н. Толстой писал: “Если педагог соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он - совершенный педагог”. Эти слова будто посвящены нашему герою. От того, кто будет воспитывать ребёнка, зависит его будущее, его мировоззрение, вся его жизнь. Все произведения учителя Ибрая Алтынсарина несут в себе жизненно важные критерии воспитания, которые являются основой мировоззрения, залогом счастливого будущего подрастающего поколения. Важнейшими спутниками воспитания он считал качества, которые могут изменить людей в лучшую сторону, делают их мир богаче. К ним относятся: чистая совесть, искреннее сострадание, природная доброта, сила духа и воли, честность.

Насыщенные великолепным содержанием, совершенные по форме, его стихи, посвященные молодёжи, открывают определённый этап в истории казахской литературы. Воспевают высокие чувства патриотизма, гуманизма, уважения к родным людям и братским народам. Такие произведения почти не встречались ранее в казахской литературе. Необходимо также отметить стихи о родной природе. Они выразительны, глубоко эмоциональны, они согреты искренним чувством патриотической гордости, с которым поэт говорит о своей родине. Его стихотворения и рассказы по языку и содержанию глубоко народны. В них он талантливо выражает общечеловеческие идеи. Они близки

и понятны не только для его современников, но и для нас, потомков. В рассказах учитель прославляет трудолюбие, показывает, что именно труд воспитывает настоящего человека, способного преодолеть любые жизненные препятствия, а праздность - корень пороков. Обличает болтунов и сплетников, убеждает в том, что кто много болтает, тот способен «при удобном случае наглой клеветой заклеить тебя», подчёркивает, что у хорошего человека «на лице лучится свет».

Через свои произведения он проносит боль за судьбу казахского народа, за его будущее. Он и сегодня является примером настоящего патриота своей Отчизны. Не является ли всё это сильным и достойным воспитанием детей и молодёжи?

Быть педагогом – искусство, врождённый талант, мастерство, наука. Им владел мастер-педагог Ибрай Алтынсарин и у него есть чему поучиться.

Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты

*Тохтарханова Іңқар Тлеубердіқызы,
Қаракемер кәсіптік колледжінің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы*

Ы. Алтынсариннің ұлы есімі біз үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, ұстаз болса, шығармалары қазақтың қара домалақ балалары үшін үлкен мағынаға ие. Әсіресе, оның «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бүлдіршіндерге рухани азық болары сөзсіз. Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық жазғанын, және тәрбиенің қайнар көзі-осы Ыбырай шығармалары екенін аңғардым. Небәрі жарты ғасырға жуық ғұмыр кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі жан-жақты зерттеліп, туған халқының керегіне жарауда. Оның күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының ұранына айналған «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінің өзі неге тұрады? Ы. Алтынсарин атамыз «Тәрбиесіз білім- адамзаттың қас жауы» екенін ескерген. Жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіл бөлу керектігіне ерекше назар аударған деп ойлаймын. Ағартушының «Әке мен бала», «Мейірімді бала», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Тәкаппаршылық», «Байлық» т.б. бұл әңгімелері өзінің өнегелігімен ерекше мәңгі тәлім берер күші мол көркем шығармалар.

Жазушының келесі бір топ әңгімелері адамгершілік әрбиесі мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап, ата-анасының аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына көптеген асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта та жазған: «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ», «Асыл шөп» әңгімелерінде тәрбиенің ізі жатыр деп толықтай сеніммен айтуға болады. Қорыта келгенде, Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды болса да, шығармаларында терең мағыналы сөздердің болуы, әр шығармаға тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару, және осыны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді. Шығарманың түйінін Ыбырай Алтынсариннің: «Қазақ деген-жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық,

бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның көп жақсылығы жатыр», «Өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету-біздің әрқайсымыздың борышымыз» - деген ұлағатты сөзімен аяқтауды жөн көрдім.

Ұлы даланың –ұлы ұстазы

*Назаров Малик Бакитович,
Заречный ауылындағы кәсіптік
колледжінің өндірістік оқыту шебері*

Қазақ педагогикасы мен әдебиеті, тарихы мен мәдениетіндегі Ыбырай Алтынсаринның алар орны мен бағындырған шыңы өз алдына ерекше құбылыс. «Ұлы даланың ұлы ұстазы» десем, қателеспеген болар едім.

«Тәрбие- тал бесіктен» дегендей, ұлы ағартушының шығармалары тұнып тұрған өнеге, берері мол ғибрат.

Әңгімелерінің қай-қайсысын алсақ та өмірлік мәні бар, терең мағыналы үлгі-өнеге.

Пайдалы істі кәсіп етіп, адал еңбектің наны тәтті екендігі әңгімелері арқылы барша жұртқа насихаттап кетті. «Атымтай Жомырттай» әр ісі елге үлгі болардай ел ағасын, «Қыпшақ Сейтқұлдай» еңбек адамының жұрт алдындағы биік беделге ие екендігін көрсетті.

Жас ұрпақ-жас шыбықтай. Майысқақ келеді. Қисайып өссе, қисық бұтақтай қиың болары анық. «Бақша ағаштары» әңгімесінде болашақты болжай білген данышпан тамаша мысал келтіріп кетеді.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген халық нақылындағы ой астарын «бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде тап басқандай. Асанның сондай болбыр, еш нәрсеге икемі жоқ болып өсуіне байлығына масаттанған әке тәрбиесінің тапшылығы себеп болғандай. Асан бейнесі арқылы құр мақтан мен надан жалқаулық лебі есіп тұрғандай. Ал Үсен бойынан табылған икемділік пен ептіліктен бойына дарыған ата өнегесінің шуағы шашырап тұрғандай көрінеді.

Бұл күндері заман басқа. Қоғам басқа. Дегенмен еңбек ету-ақиқат. Біз баяғы. Ұрпақты кәсіпке баулу-Ыбырай жолын жалғастырушы ұстаздардың басты міндеті.

Құр атағы дардай жоғарғы оқу орнын бітіріп, мамандығың бойынша жұмысқа кіруің қиын мамандықтан қарағанда, қарапайым кәсіп иесі болып, «Еңбекпен табылған нанның тәтті» екендігін жас ұрпақтың бойына сіңіру бүгінгі қоғам еншісінде.

Ұлттықтәрбие Ыбырай Алтынсарин шығармашыларымен біте қайнап жатыр. Олай болса, біз ұлы жазушыларымызды ұлықтап, өзгеге үлгі етуіміз керек. Шығармалары жемісі таусылмас мәуелі ағаштай, жыл өткен сайын жаңара да жасара береді.

Ыбырай Алтынсарин мұрасы осынсымен құнды.

Мазмұны

1	Аяганова Г.А. Тәрбиенің тал бесігі – Ыбырай	3
2	Кондыбаева М.Н. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	4
3	Сатбаева Х.Н. Балалар әдебиетінің атасы - Ыбырай Алтынсарин	5
4	Ашетаева Ж.К. Ұлы даланың жарық жұлдызы	6
5	Квон Е.Л. Воспитание и советы в рассказах Ы. Алтынсарина	7
6	Алимтаева К.Е. Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	8
7	Дүйсехан Б.Р. Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	9
8	Қалиақпар А.Т. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	10
9	Съезхан Ж. Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	11
10	Нураков Г.А. Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	12
11	Тойгулов М.М. Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы ата тәрбиесі	13
12	Хахан А. Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі әкенің рөлі	14
13	Құлжабек П. Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	15
14	Берліқаш С.М. Ы.Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	16
15	Абильмажинова А.К. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	17
16	Кабылбекова Ж.Н. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	18
17	Толымбек А.Б. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	19
18	Жұмагерей М.М. Ыбырай – шамшырағы қазақтың	20
19	Ахметова Г.К. Ы.Алтынсариншығармаларындағы ата тәрбиесі мен ғибраты	20
20	Ақылбек А.К. Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	21
21	Жунисова Р.Ш. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	22
22	Иманбекова А.И. Ұлы ұстаз өнегесі мәңгі өлмейді	23
23	Кажитаева Ж.О. Ыбрай Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	24
24	Шварц Э.К. Тема воспитания в творчестве Ибрая Алтынсарина	25
25	Тохтарханова І.Т. Ы. Алтынсарин әңгімелеріндегі ата тәрбиесі мен ғибраты	26
26	Назаров М.Б. Ұлы даланың –ұлы ұстазы	27

